

5 қараша
Сейсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

«БАТЫР БОЛАМУН» ЖОБАСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНА 60 МЛН. ТЕҢГЕНІҢ ЖАБДЫҒЫН ҰСЫНДЫ

«БАТЫР БОЛАМУН» ЖОБАСЫНЫҢ АЯСЫНДА «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРИНЫҢ ДЕМЕУШІЛІГІ ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІГІМЕН ӨТКЕН АПТАДА БІЗДІҢ ОБЛЫСТА 14 СПОРТ ЗАЛЫ АШЫЛДЫ. ОНЫҢ АЛТАУЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ЕНШІСІНДЕ. «БАТЫР БОЛАМУН» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРИНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН БАЛАЛАР ҮШІН СПОРТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕН ЕЛДІҢ ШАЛҒАЙ ЕЛДІ-МЕКЕНДЕРІНДЕ АРНАЙЫ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН БАЛАЛАР СПОРТ ЗАЛЫ БІРІНШІ КӨПТОҒАЙДА АШЫЛДЫ.



Мерекелік шараның шымылдығын Асқар Қазыбаев ашып әр баланың болашаққа деген үлкен сенімі мен үмітін үкілеп, салауатты өмір салтын сақтай отырып, қазақ спортын дамытуға өз үлестерін қосары сөзсіз екенін атап өтті. Осындай бастаманы қолға алып балаларға жаңа мүмкіндіктер сыйлап жатқан ел азаматтарына алғысын білдірді. Ауыл клубының кең бөлмесінде жасақталған алаңның ашылуына ауа-райының қолайсыздығы мен қарбалас уақытқа қарамастан ауыл балалары үшін жаңа мүмкіндіктер туғызатын жабдықтар сыйлаған атымтайлармен кездесуге ауылдың түгел ағылып келуі азаматтарға деген шынайы лебізінің куәсі болса керек. Салтанатты шараға «Батыр боламын» жобасының негізін

қалаушылардың бірі Асыл Балкөнұлы мен қайырымдылық қорының президенті Ернұр Сәбікөнұлы және осы жобаның Ақтөбе облысындағы өкілі Даулет Есенгелдиндер қатысып, ауыл тұрғындарымен кездесіп, балаларға сәттілік тілесе, ел азаматтары естелік сыйлықтарын ұсынып, шапан жапты. Ал «Batyr Bolamun» қорының президенті Ернұр Сәбікөнұлы баршаны құттықтап, биыл өзге де аймақтарда талантты жастарды қолдауға арналған тағы бірнеше спорт залын ашу жоспарға қойылғанын алға тартты. «Осы тұста шалғай жерлерде балалардың спортпен еркін айналысуына қолдау көрсетіп жатқан Қазақстан халқына қорына да алғыс айтамын. Ынталы жастарды қолдау біз үшін де үлкен қуаныш.

Биылға 76 зал жоспарланған. Оның алтауы Ойыл ауданында ашылып жатыр. Осындай қарқында ертенгі чемпиондарымыз көп болсын», – деді Ернұр Сәбікөнұлы. «Біздің ауылымыз үшін үлкен мереке. «Батыр боламын» жобасы аясында ауылымызда спорт зал ашылып жатыр. Осындай кішкентай ауылдан еліміздің атын шығаратын чемпиондарды даярлауға мүмкіндіктер сыйлап жатқан жанашыр азаматтарға алғысымызды білдіреміз», – деді Ақшатау орта мектебінің директоры Бекжан Қарасаев ауылдағы арнаулы залдың ашылу салтанатында. Балғын палуандар ағалары сыйлаған кілемде күрес тәсілдерін көрсетсе, ауыл жастары өн мен жырдан шашу шашты. Барлық ауылда да салтанатты шара соңы ауыл жастары

мен жасөспірімдер арасында үстел теннисі, қол күрес, арқан тартыс, гир тасын көтеру бойынша тартысты ойындармен жалғасын тапты. **Р. С. «Batyr Bolamun» қорының қолдауының арқасында Ойыл ауданының бес ауылы – Көптоғай, Ақшатау, Сарбие, Қарай мен Саралжында және Ойыл кәсіптік колледжіндегі балалар бокс, күрес түрлері, дзюдо, үстел теннисі, тоғызқұмалақ және т. б. спорт секцияларына қатысуға мүмкіндік алды. Ауылдағы спорт нысандарына қажетті құрал-жабдықтардың жалпы сомасы 60 млн. теңгенің жобасын құрайды. Залдарда бокс, күрес, шахмат, тоғызқұмалақ, үстел теннисі және тағы басқа спорт түрлеріне қажетті бұйымдар бар.**

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

ЖАҢА КІТАПТЫҢ ДЕРЕКТЕРДІҢ «ҚОЙМАСЫ»

2019 ЖЫЛЫ «ОЙЫЛ. АРХИВТЕГІ ТАРИХ» ЖИНАҒЫНЫҢ I ТОМЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ. БҰЛ КІТАПТА ӨҢІРІМІЗДІҢ КӨНЕ ДӘУІРДЕН 1917 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ БІРНЕШЕ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХІ ҚАМТЫЛҒАН БОЛАТЫН.



Ал таныстырылымы өткен жинақтың II томы 1918 жылдан-1940 жылдар аралығын қамтып отыр. Өңіріміз үшін бұл таныстырылым рухани мереке десек те болады. Нұрлан Жұмағалиев және Олег Ярошенко бірлесіп шығарған жинақта өңіріміздің тарихи жайлы тың деректер мұрағаттардағы құжаттармен нақтыланған. Таныстырылым барысында автор ауданымыздың бұрын бізге белгісіз болып келген құжаттар мен фотосуреттердің тарихына тоқталды. Жинақтың ауқымы ауданымыздың тарихы тереңде екеніне тағы бір дәлел. Оқырманға нақты құжаттар мен бірге фотосуреттер де ұсынылып отыр. Шара барысында қолдау білдіре келген зиялы қауым өкілдері жинаққа кеңінен тоқталды. Жинақтың басты артықшылықтары аудан тарихындағы біз білмейтін жаңа деректер және өңіріміздің сол кездегі өмірі болып отыр. Шара барысында сөз алған тарих ғылымдарының докторы Ұзақбай Шаукерұлы мұрағаттардан құжат жинаудың қиындықтарын атап өтіп, автор атқарған орасан зор еңбекті жоғары бағалады. Шара соңында оқырман қауым Нұрлан Нұрымжанұлына сұрақтарын қойып, лебіздерін білдірді. Салтанатты кеште сөз алған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы естелік сыйлығын табыстап, жинақты одан әрі жалғастыруға қолдау білдіретінін жеткізді.

ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫНА АРНАЛҒАН ЖАҢА КІТАП ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ АРТАРҒЫ БИЫЛ БАТЫС ӨҢІРІНДЕГІ ЖЕТЕКШІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ЕСІМІН ИЕЛЕНГЕН БЕЛГІЛІ ҒАЛЫМ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ТҰҢҒЫШ ПРОФЕССОРЫ ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ ТОЛДЫ.



Осы орайда «Құдайберген Жұбанов: тұлға және уақыт. Фотомұрағат» кітабы жарық көрді. Конференция барысында кітаптың тұсаукесері өтті. Авторы жерлесіміз, Жұбанов университетінің аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Әлия Ұлықпанова. «Қазақтың асыл перзенті Құдайберген Жұбановтың есімі – біздің университет үшін айрықша қадірлі. Осыған орай, профессордың 125 жылдық мерейтойына арналған «Құдайберген Жұбанов: тұлға және уақыт. Фотомұрағат» атты туынды арнайы дайындалды. Бұл кітапта ұлы тұлғаның өмір жолы мен қызметі, оның артына қалдырған рухани мұрасы терең мазмұнмен өрнектеліп, келешек ұрпаққа тағылым ретінде ұсынылған», – дейді автор. Еңбекте профессордың ғылымдарының докторы, ата-тегі, ескен өңірі, білім алған жері, ғылыми ортасы, зерттеу еңбектері мен қоғамдық-ағартушылық қызметі мұрағаттарда, Жұбанов әулетінде сақталып қалған деректер көзімен, фотосуреттерімен жүйеленген.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2025

АУДАНЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ
2025 ЖЫЛДЫҢ I ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

ИНДЕКС

ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ

6 АЙ

65525

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА

3515,22

66525

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА

6796,86

67525

ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА

3070,90

(БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:

2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)

2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)

EGOV MOBILE-FA 5 ЖЫЛ: СМАРТФОНДАҒЫ СЕРВИСТЕР

Жаңартылған eGov Mobile мобильді қосымшасы іске қосылғаннан бері бес жыл өтті. Бүгінде әрбір екінші қазақстандық eGov Mobile пайдаланушысы болып табылады, ол ай сайын 4 миллионға жуық пайдаланушыға мемлекеттік қызмет көрсетеді. Қосымшаның алғашқы нұсқасы 2012 жылы іске қосылды және mGov деп аталды. Оған атаулы және зейнетақы анықтамасын, жылжымайтын мүлік пен ауырталпақтардың болуы туралы анықтаманы алу, сондай-ақ айыппұлдарды, салықтар мен мемлекеттік баждарды төлеу жөніндегі сервис сияқты электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтер енгізілді. 2019 жылға қарай mGov қосымшасы халыққа 70-ке жуық қызметтер мен сервистерді ұсынды. 2019 жылы өнімнің ребрендингі болды және электрондық үкіметтің мобильді қосымшасы дизайнды жаңартты әрі осы сәттен бастап барлығына тағы еGov Mobile таныстырылды. 2020 жылы биометриялық сәйкестендіруді енгізу маңызды сәттердің бірі болды, бұл мемлекеттік қызметтерді алу кезінде, соның ішінде пандемия кезінде кедергілерді азайтуға көмектесті. Алдағы бес жылда жаңартылған қосымшаның пайдаланушылары 15 есе артты және бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтер мен сервистердің 90% eGov Mobile арқылы алуға болады.

Нәтижесінде, ай сайынғы белсенді пайдаланушылар саны 4 миллионға жетіп, ал күнделікті пайдаланушылар саны 190 мыңнан асты. eGov Mobile-да eLicense порталында жеке тұлғалар үшін 208 мемлекеттік көрсетілетін қызмет және ішкі түрдегі 759 көрсетілетін қызмет, сондай-ақ eGov Business-тің 34 көрсетілетін қызметі қолжетімді. Енді қосымшаның арқасында физикалық құжаттарды алып жүру қажеттілігі жойылды, өйткені «Цифрлық құжаттар» сервисі іске асырылғаннан бері қазақстандықтар өз құжаттарының цифрлық нұсқасын 13 миллионнан астам рет пайдаланды. Кейінірек азаматтарға ыңғайлы болу үшін бұл қызмет танымал банктік қосымшаларға біріктірілді. Сонымен қатар, eGov Mobile технологиялық шешімдерінің бірі ЭЦҚ алу және QR-кодты қолдану арқылы құжаттарға қол қою мүмкіндігі болып табылады. Бүгінгі таңда қол қоюдың бұл әдісі шамамен 9 миллион рет қолданылды және бұл көрсеткіш сенімді түрде өсуде. Бүгінгі таңда eGov Mobile мобильді қосымшасын App Store, Play Market және Huawei AppGallery қолданбалар дүкендерінен жүктеуге болады және IOS және Android мобильді құрылғыларында жұмыс істейді. IOS базасында eGov Mobile пайдаланушыларының саны 3,6 млн-нан астам, Android жүйесін-

де – 5,1 млн-нан астам және Huawei платформасында – 850 мыңнан астам пайдаланушы бар. 2024 жылдың шілде айында мобильді электрондық үкіметтің жаңа компоненті - eGov Business кәсіпкерлеріне арналған қосымша ұсынылды. Мобильді қосымшаның дамуының арқасында шағын және орта бизнес өкілдері өз смартфондары арқылы мемлекеттік қызметтер мен сервистерді оңай пайдалана алады. Мысалы, eGov Business қолданушылары бірнеше рет басу арқылы заңды тұлғаның бірінші басшысын тіркеп, ЭЦҚ шығаруға өтінім бере алады, QR код арқылы құжаттарға қол қою алады және басқа да қызметтерді жүзеге асыра алады. Бүгінгі таңда eGov Mobile мобильді қосымшасы - мемлекеттік органдардың сервистеріне арналған алаң, eGov Mobile азаматтардың мемлекетпен өзара іс-қимылының маңызды құралы болып табылады және пайдаланушылар тарапынан өсіп келе жатқан қызығушылық пен сенімді растайды. Алда әлі де көптеген инновациялар бар, ал ҰАТ командасы өзінің мақсаты – мемлекеттік қызметтерді әрбір қазақстандық үшін барынша қолжетімді және ыңғайлы етуге сенімді түрде жылжуда. **Жайнагул СЕЙДАХМЕТОВА, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**

5 ЛЕТ EGOV MOBILE: ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СЕРВИСЫ В СМАРТФОНЕ

С момента запуска обновленного мобильного приложения eGov Mobile прошло пять лет. Сегодня каждый второй казахстанец является пользователем eGov Mobile, которое оказывает госуслуги порядка 4 миллионами для физических лиц на портале e-license, а также 34 услуги eGov Business. Теперь, благодаря приложению, отпала необходимость носить с собой физические документы, ведь с реализацией сервиса «Цифровые документы» казахстанцы воспользовались цифровой версией своих документов более 13 миллионов раз. Позже для удобства граждан этот сервис был интегрирован в популярные банковские приложения. Кроме того, одним из технологических решений eGov Mobile является возможность получения ЭЦП и подписания документов с помощью QR-кода. На сегодняшний день данным способом подписания воспользовались около 9 миллионов раз и цифра продолжает уверенно расти. На сегодняшний день мобильное приложение eGov Mobile доступно для скачивания в магазинах приложений App Store, Play Market и HUAWEI AppGallery и поддерживает работу на мобильных устройствах iOS и Android. Количество пользователей можно получить через сервисов можно получить через

eGov Mobile. Так, количество активных пользователей выросло до 4 млн, а ежедневно составило свыше 190 тысяч человек. В eGov Mobile уже доступны 208 госуслуг и 759 услуг с подвидом для физических лиц на портале e-license, а также 34 услуги eGov Business. Теперь, благодаря приложению, отпала необходимость носить с собой физические документы, ведь с реализацией сервиса «Цифровые документы» казахстанцы воспользовались цифровой версией своих документов более 13 миллионов раз. Позже для удобства граждан этот сервис был интегрирован в популярные банковские приложения. Кроме того, одним из технологических решений eGov Mobile является возможность получения ЭЦП и подписания документов с помощью QR-кода. На сегодняшний день данным способом подписания воспользовались около 9 миллионов раз и цифра продолжает уверенно расти. На сегодняшний день мобильное приложение eGov Mobile доступно для скачивания в магазинах приложений App Store, Play Market и HUAWEI AppGallery и поддерживает работу на мобильных устройствах iOS и Android. Количество пользователей можно получить через

iOS более 3,6 млн, на Android — более 5,1 млн и на платформе HUAWEI — более 850 тыс. пользователей. В июле 2024 года был представлен новый компонент мобильного приложения для предпринимателей eGov Business. Благодаря развитию мобильного приложения представители малого и среднего бизнеса могут пользоваться госуслугами и сервисами со своих смартфонов. Так, пользователи eGov Business могут всего в пару кликов зарегистрировать первого руководителя юридического лица, подать заявку на выпуск ЭЦП, подписать различные документы через QR и многое другое. Сегодня мобильное приложение eGov Mobile - площадкой для сервисов государственных органов. eGov Mobile является важным инструментом взаимодействия граждан с государством и подтверждает растущий интерес и доверие со стороны пользователей. Впереди еще много инноваций, и команда НИТ уверенно движется к своей цели - сделать государственные услуги максимально доступными и удобными для каждого казахстанца. **Жайнагул СЕЙДАХМЕТОВА, Управление по связям с общественностью АО «НИТ».**

“БЖЗҚ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ САУАЛДАР”

1) Зейнетақы жинағының ең төменгі жеткіліктік шегінен асып бөлігін мерзімінен бұрын алу болашақ зейнетақының мөлшеріне өсер өте ме? Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі, ең алдымен, азаматтарды зейнетке шыққаннан кейін қамтамасыз етуге бағытталған. Азаматтардың зейнетақы жинақтары зейнетақы жарналары, сондай-ақ зейнетақы активтері бойынша түскен инвестициялық кіріс есебінен қалыптастырылады. Осылайша болашақ зейнетақы көлеміне жарналардың жүйелілігі мен мөлшері, сондай-ақ зейнетақы активтерінің инвестициялық кірісі өсер етеді. БЖЗҚ-дан ең төменгі жеткіліктік шегінен (ТЖШ) асып зейнетақы жинақтарын алу болашақ зейнетақы төлемдері мөлшерінің азаюына себеп болады. Сондықтан жоғарыда атағандай ескеріп отырып, зейнетақы қаражатын алу туралы шешім қабылдамас бұрын, зейнет жасына жеткенде қаншалықты көлемде зейнетақы алғыңыз келетінін шешіп, өзіңіз үшін маңызды басымдықтарды анықтап алғыңыз жөн. Естеріңізге сала кетейік, ең төменгі жеткіліктік шегі (ТЖШ) - бұл ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен емес (ең төменгі базальдық зейнетақы төлемін ескеріп отырып) ай сайынғы төлемдерді қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының

ең төменгі мөлшері. Басқаша айтқанда, ең төменгі жеткіліктік шегі - бұл салымшының зейнет жасына толған кезінде ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес деңгейдегі зейнетақы төлемдерін (мемлекеттік бюджеттен ең төменгі базальдық зейнетақы төлемін ескере отырып) алуы үшін шотта қалуы тиіс ең төменгі көрсеткіш. **2) Быыл азаматтар ала алатын біржолғы зейнетақы төлемдерінің (БЗТ) ең төменгі және ең жоғары мөлшері қандай?** БЗТ мөлшері зейнетақы жинақтарының сомасына байланысты және әр азамат үшін дербес есептеледі. ҚР Өлеуметтік Кодексінің 224-бабына (4-тармақ) сай МЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалану мүмкіндігіне жинақтары ең төменгі жеткіліктік шегінен асып салымшылар (жинағының жасына сәйкес ең төменгі жеткіліктік шегінен асып бөлігін пайдалана алады), зейнетақы мөлшері зейнетке дейінгі табысының кемінде 40% құрайтын зейнеткерлер (жинақтарының 50% дейін пайдалана алады), зейнетақы төлемдерін еңбек сіңірген жылдары үшін алушылар, сондай-ақ зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан салымшылар (өз жинақтарының 100% дейін пайдалана алады) ие. **3) Зейнетақы жинақтары қалай**

және қайда инвестицияланады? Отандастарымыздың зейнетақы жинақтары жұмыс істеп, табыс әкелуі тиіс. Сондықтан зейнетақы жинақтары елімізде де, шетелде де нарықтық жағдайларда әртүрлі валютадағы түрлі қаржы құралдарына инвестицияланады. Нәтижесінде инвестициялық кіріс әртүрлі көздерден құралады: бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйайқы түріндегі кірістер; қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау түріндегі кірістер; сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер және т. б. Бұл кең таралған әлемдік тәжірибе. Өлемдегі зейнетақы қорлары салымшылардың зейнетақы капиталын инвестициялау және көбейту үшін тартымды және тиімді мүмкіндіктерді үнемі іздейтін отырады. Зейнетақы активтерін инвестициялаудың басты қағидаты - оларды әртарапландыру. Мұндай тәсіл олардың ұзақ мерзімді сақталуын және инвестициялаудан тұрақты түрде кіріс алуы қамтамасыз етеді. Бұл өте маңызды, өйткені зейнетақы жинақтарындағы негізгі үлес, әдетте, көптеген жылдар бойы жинақталған инвестициялық кіріске тиесілі болады. Зейнетақы активтерін инвестициялаумен ҚР Ұлттық Банкі (ҚРҰБ), ал 2021 жылдан бастап инвести-

циялық портфельді басқарушылар (ИПБ) айналысады. Ұлттық банк үшін зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен, ал инвестициялық портфельді басқарушылар үшін - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамуы агенттігінің қаулысымен бекітіледі. Зейнетақы активтерін басқарушылар - ҚР ҰБ және ИПБ-да зейнетақы активтерін инвестициялаудың өзіндік стратегиялары бар. Олар инвестициялық портфельдің құрылымын инвестициялық декларация шеңберінде дербес айқындайды. Инвестиция жасау үшін нақты құралдарды таңдау сенімгерлік басқарушының стратегиясына және оның инвестициялардың сенімділігі мен кірістілігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттеріне сүйене отырып, жүзеге асырылады. **4) Салымшылардың инвестициялық кірісті қадағалау мүмкіндігі бар ма?** Әр салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінде өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың ресми сайтындағы (www.enpf.kz) "Көрсеткіштер/Инвести-

циялық қызмет" бөлімінде жарияланып отырады. **5) ҚР азаматтары басқа елге тұрақты тұруға көшкен жағдайда олар зейнетақы жинақтарын ала алады ма?** Иә. Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуге байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын елден тыс тұрақты тұруға кеткен, Қорда міндетті, міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтары бар және Қазақстан заңнамасына сәйкес құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар пайдалана алады. **БЖЗҚ-ҒА ҚҰЖАТ Т АПСЫРУДЫҢ 3 ТӘСІЛІ БАР:** 1. Сіз БЖЗҚ кеңсесіне шетелдік төлқұжатыңызбен және банктік шот туралы мәліметтеріңізбен өзіңіз келе аласыз. 2. Қор кеңсесіне шетелге тұрақты тұруға кететін адамның өкілі (сенім білдірілген тұлға) құжаттар топтамасымен жүгіне алады. 3. Қажетті құжаттарды БЖЗҚ облыстық (өңірлік) филиалдарының бірінің пошталық мекенжайына жіберуге болады. БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдеріне жіберілетін құжаттарды "Төлемге құжаттарды алдын ала тексеру" электрондық қызметін пайдалана отырып алдын ала тексеруге болады.

Құжаттарды алған кезде БЖЗҚ Қазақстанның мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінен өтініш берген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарының не шетелдіктің Қазақстанда тұруға ықтиярхатының не уәкілетті қазақстандық орган берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің болуы және олардың жарамдылығы туралы мәліметтерді сұратады. Егер бұл құжаттар жарамсыз болса, БЖЗҚ зейнетақы төлемін 10 күн ішінде жүзеге асырады. Зейнетақы төлемдерін алушы әрекетке қабілетсіз/әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған тұлға болса да, зейнетақы жинақтарының төлемі тек сол алушының ғана банктік шотына аударылатынына назар аударамыз. Зейнетақы жинақтары төлемін заңды өкілдің (қорғаншының/қамқоршының), сондай-ақ, сенім білдірілген тұлғаның банк шотына аударуға жол берілмейді. Осылайша, басқа елде тұраты тұрды рәсімдеуші адам өзінің зейнетақы жинақтарын жақын туыстарына немесе басқа адамдарға бере алмайды. Мәлімет үшін хабарлаймыз, БЖЗҚ сайтында құжаттарды БЖЗҚ-ға беру тәсіліне қарай қажетті құжаттардың тізбесі, оларды рәсімдеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ, өтініш бланкілері мен оларды толтыру үлгілері, сенімхат үлгісі орналастырылған.

“АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ О ЕНПФ”

1) Скажите, пожалуйста, влияет ли досрочное изъятие пенсионных накоплений свыше порога минимальной достаточности на размер будущей пенсии? Накопительная пенсионная система Казахстана ориентирована, прежде всего, на обеспечение граждан после выхода на пенсию. Пенсионные накопления казахстанцев формируются за счет пенсионных взносов, а также инвестиционного дохода по пенсионным активам. На уровень будущей пенсии влияют регулярность и размер взносов, а также инвестиционная доходность пенсионных активов. Изъятие пенсионных накоплений свыше порога минимальной достаточности (ПМД) из ЕНПФ становится причиной уменьшения размера будущих пенсионных выплат. Учитывая вышеизложенное, прежде, чем принять решение о снятии пенсионных средств, необходимо решить, на какой уровень пенсии вы рассчитываете по достижении пенсионного возраста и определить для себя приоритеты. Напомним, что порог минимальной достаточности (ПМД) - это минимальный размер пенсионных накоплений, необходимый для обеспечения ежемесячных выплат не ниже размера минимальной пенсии (с учетом минимальной базовой пенсионной выплаты). Другими словами, порог минимальной достаточности - это минимум, который должен

остаться на счете, чтобы вкладчик при достижении пенсионного возраста получал пенсионные выплаты (с учетом минимальной базовой пенсионной выплаты из государственного бюджета) не менее размера минимальной пенсии. **2) Назовите, пожалуйста, минимальный и максимальный размер единовременных пенсионных выплат (ЕПВ), который могут изъять граждане в этом году?** Размер ЕПВ зависит от суммы пенсионных накоплений и рассчитывается индивидуально. Согласно ст. 224 (п. 4) Социального Кодекса РК возможностью использования пенсионных накоплений, сформированных за счет ОПВ, могут воспользоваться вкладчики, чьи накопления превышают порог минимальной достаточности (могут использовать накопления, превышающие размер порога минимальной достаточности в соответствии с возрастом), пенсионеры, размер пенсии которых составляет не менее 40% от утраченного дохода (могут использовать до 50% своих накоплений), получатели пенсионных выплат за выслугу лет, а также вкладчики, заключившие договор пенсионного аннуитета (могут использовать до 100% своих накоплений). **3) Объясните, пожалуйста, как и куда инвестируются пенсионные накопления?** Пенсионные накопления казах-

станцев должны работать и приносить доход. Поэтому пенсионные накопления инвестируются как в стране, так и за рубежом на рыночных условиях в разные финансовые инструменты в разных валютах. В результате инвестиционный доход складывается из различных источников: доходов в виде вознаграждения по ценным бумагам (вкладам и другим операциям); доходов в виде рыночной и валютной переоценки финансовых инструментов; доходов по активам, находящимся во внешнем управлении и т. д. Это широко распространенная мировая практика. Пенсионные фонды во всем мире находятся в постоянном поиске привлекательных и выгодных возможностей для инвестирования и премуножения пенсионного капитала вкладчиков. Главный принцип инвестирования пенсионных активов - их диверсификация. Такой подход обеспечивает их долгосрочную сохранность и стабильность получения доходов от инвестирования. Это важно, поскольку основную долю в пенсионных накоплениях, как правило, составляют аккумулированные за многие годы инвестиционный доход. Инвестированием пенсионных активов занимается Национальный Банк РК (НБРК), а с 2021 г. - и управляющие инвестиционным портфелем (УИП). Перечень финансовых инстру-

ментов, разрешенных к приобретению за счет пенсионных активов, для Национального банка утверждается постановлением Правительства Республики Казахстан, а для управляющих инвестиционным портфелем - Постановлением Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка. Управляющие пенсионными активами - НБРК и УИП именные собственные стратегии инвестирования пенсионных активов и самостоятельно определяют структуру инвестиционного портфеля в рамках инвестиционной декларации. Выбор конкретных инструментов для инвестиций осуществляется исходя из стратегии доверительного управляющего и его задач по обеспечению надежности и прибыльности инвестиций. **4) Есть ли возможность у вкладчиков отслеживать инвестиционный доход?** Каждый вкладчик имеет видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении. Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность». **5) Возвращаются ли пенсионные**

накопления гражданам РК в случае их переезда на ПМЖ в другую страну? Да. Правом на пенсионные выплаты из ЕНПФ в связи с выездом на ПМЖ за пределы Казахстана могут воспользоваться иностранцы и лица без гражданства, выехавшие на ПМЖ за пределы страны, имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ за счет обязательных, обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОПВ, ОППВ) и ДПВ и представившие документы согласно казахстанскому законодательству. **ЕСТЬ 3 СПОСОБА ПОДАЧИ ДОКУМЕНТОВ В ЕНПФ:** 1. Можно лично обратиться в офис ЕНПФ с заграничным паспортом и сведениями о банковском счете 2. Представитель (поверенное лицо) выезжающего на ПМЖ может лично обратиться в офис ЕНПФ с пакетом документов. 3. Можно отправить необходимые документы на почтовый адрес одного из областных (региональных) филиалов ЕНПФ. Предварительно проверить направляемые документы на пенсионные выплаты из ЕНПФ можно, воспользовавшись электронной услугой ЕНПФ «Предварительная проверка документов на выплату». При получении документов ЕНПФ запрашивает сведения из информационных систем госу-

дарственных органов Казахстана о наличии у обратившегося иностранца или лица без гражданства документов, удостоверяющих личность гражданина Казахстана, либо вида на жительство иностранца в Казахстане, либо удостоверения лица без гражданства, выданного уполномоченным казахстанским органом, и их действительности. Если эти документы не действительны, ЕНПФ осуществляет пенсионную выплату в течение 10 дней. Обращаем Ваше внимание, что выплата пенсионных накоплений осуществляется только на банковский счет самого получателя, даже если получателем пенсионных выплат является недееспособное/ограниченно дееспособное совершеннолетнее лицо. Выплата пенсионных накоплений на банковский счет законного представителя (опекуна/попечителя), а также поверенного лица не допускается. Таким образом, человек, оформляющий ПМЖ в другой стране, не может передать свои пенсионные накопления своим близким родственникам или иным лицам. Для сведения информируем, что на сайте ЕНПФ размещен перечень необходимых документов в зависимости от способа их подачи в ЕНПФ, требования к их оформлению, а также бланки заявлений и образцы их заполнения, образцы доверенности.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАЛУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ — АДАМНЫҢ ӨЗ МҮДДЕЛЕРІН ЗАҢ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МҮМКІНДІГІ. «АДАМ» ҰҒЫМЫ ТАБИҒИ ТҮРПАТТА СИПАТТАЛАДЫ, ЯҒНИ АРНАЙЫ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ БОЙЫНА СІҢІРГЕН ТІРШІЛІК ӨЛЕМІНІҢ ӨКІЛІ РЕТІНДЕ.



"Жеке адам" ұғымы адамды әлеуметтік тұрғыда сипаттайды, яғни қоғамда өзінің рөлі мен орнын және оның алдындағы жауапкершілігін сезінуі (мүмкін болған жағдайлар, егерде адам әр түрлі объективті және субъективті себептерге байланысты жеке адам бойында болатын қасиеттерді иемденбесе, мысалы, психикалық аурудың салдарынан сот оны әрекет қабілеттілігі жоқ деп таныса). "Азамат"

ұғымы адамды заңды тұрғыда сипаттайды, яғни адамның нақты бір мемлекетпен тұрақты құқықтық байланыстылығын қарастырады. Адам құқықтары табиғи және әлеуметтік болып екіге бөлінеді. Табиғи құқықтар дегеніміз — адамның тіршілік етуінен туындайтын (мысалы, өмір сүру, еркіндікке жету, жеке басына тиіспеушілік т. б.) құқықтары болып табылады.

Әлеуметтік құқықтар дегеніміз — адамның мемлекетпен өзара әрекеті процесінде пайда болатын (мысалы, білім алуға, еңбек етуге, бақауатты өмір сүруге, азаматтық алуға, сот әділдігіне жүгінуге, еркін жүріп-тұруға, мүліктерді иеленуге) құқықтары. Адам құқықтарының қағидалары ұлттық деңгейде Конституцияда (Қазақстан Республикасының Конституциясы, 10-39 баптар) және заң актілерінде (мысалы, Азаматтық Кодексте, Қылмыстық Кодексте, Жарлықтарда, арнаулы заңдарда) қарастырылады. Халықаралық деңгейде адам құқықтарын қорғау, ең алдымен адам құқықтары жөніндегі халықаралық билде негізделген; оған адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы (10.12.48), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы пакт (12.12.66), Азаматтық және саяси құқықтар туралы пакт (19.12.66), Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге факультативтік хаттама (19.12.66), Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге екінші факультативтік хаттама (19.12.66) енеді. Адам құқықтарының жекелеген аспектілері халықаралық конвенцияларда көрініс тапқан. Олар адамның нақты құқықтарын немесе кешенді құқықтарын қорғауға: нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жоюға, адамды кепілдікте

ұстауға қарсы күресуге, жәбірлеп, қинауға тыйым салуға, апартеидтік қылмыстардың жолын кесіп, ол үшін жаза белгілеуге, т.б. бағытталған. Адам құқықтарын халықаралық деңгейде қорғап, қаделеу ісі Халықаралық Еңбек Ұйымы (ХЕҰ), Мәдениет пен білім саласындағы ынтымақтастық жөніндегі ұйым (МБСЫҰ, яки, ЮНЕСКО), Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) сияқты БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелерінің практикалық іс-әрекеттерімен, халықаралық-құқықтық актілерімен жүзеге асырылады. Адам құқығын қарастыру алдында "адам", "жеке адам", "азамат" санаттарының ара қатынасын білу маңызды. Адамның құқы мен бостандығы табиғи және ажыратылмас болып табылады, туғаннан бастап беріледі және жоғары құндылық болып табылады. Мемлекеттің міндеті — адам құқықтарын сақтау, қорғау және мойындау. Мемлекет өзінің азаматтарына жеке адамның қажеттілігіне сәйкес келетін құқық пен бостандықтарды (өмірінің қауіпсіздігі, адамның бостандығы мен ар ожданы, өзінің жеке ерекшелігін сақтау және дамуы) қамтамасыз етуге міндетті.

А. ТӨРЕМҰРАТОВА,
Ойыл аудандық сотының судьясы.

Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі жоғары білімі бар азаматтарды 1 декреттік, 1 бос орынға жұмыс жасауға шақырады. Мына мекен-жайға хабарласу сұралады: Ойыл селосы, Дәуленов көшесі, 26, Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі, 2-19-22. **Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы майор Е.Аскарлов**

БЖЗҚ МАМАНДАРЫ АЗАМАТТАРҒА ҚОҢЫРАУ СОҚПАЙДЫ!



Соңғы кездерде БЖЗҚ салымшыларына қатысты алаяқтық әрекет жағдайлары орын алуда. Ол үшін әртүрлі жаңа сценарийлер ойлап табылуда. Соның бірі - салымшылар мен алушыларға Қор қызметкерлерінің атынан қоңырау шалып, БЖЗҚ-ға жасалғандығы, сол үшін оның бөлімшесіне бару қажеттігі және SMS арқылы хабарландыру тәсілімен кезекті электрондық брондауға мүмкіндігі бар екені туралы айтылады. Бұдан кейін алаяқтар телефонға келген талон нөмірін немесе кодты атап, растауды сұрайды. Осылайша олар сіздің банктік шоттарыңызға және жеке мәліметтеріңізге қол жеткізе алады. **Мұндай алаяқтыққа жол бермеу үшін келесіні білгеніңіз маңызды:** БЖЗҚ қызметкерлері азаматтарға қоңырау соқпайды! Сондықтан қы-

рағы болып, бөгде адамдарға ешқандай код бермеңіз. Сондай-ақ, бейтаныс сілтемелерге өтпеңіз. **ӨЗІҢІЗДІ ҚОРҒАУ ӨДІСТЕРІ:** •Өз кодтарыңыз бен құпиясөздеріңізді ешкімге, ешқашан айтпаңыз. •Ақпаратты ресми арналар арқылы тексеріңіз. •Егер Сізді әлдекім БЖЗҚ атынан мазалайтын болса, тұтқаны қойып, тікелей Қормен хабарласыңыз! •Қаржылық және зейнетақы қызметтерін алу үшін көмек көрсетуге уәде беретін депдалдардың қызметтерін пайдаланбаңыз. Себебі, сонымен бірге Сіз жеке деректеріңізді құйтырқы әрекеттерге пайдаланатын бейтаныс адамдарға сеніп тапсырасыз. Осы ақпаратты өз жақындарыңызға таратыңыз. Олар да хабардар болып, қорғана жүрсін!

«БЖЗҚ» АҚ БАСПАСӨЗ ОРТАЛЫҒЫ

СОТРУДНИКИ ЕНПФ НЕ ОБЗВАНИВАЮТ ГРАЖДАН!

В последнее время отмечены случаи мошеннических действий по отношению к клиентам ЕНПФ. Для этого придумываются различные новые сценарии. Один из них – телефонные звонки вкладчикам и получателям под видом сотрудников Фонда, которые сообщают о якобы неправильных пенсионных отчислениях в ЕНПФ, необходимости посетить его отделение и возможности электронного бронирования очереди с уведомлением через SMS. В дальнейшем мошенники просят назвать номер талона либо код, пришедший Вам на телефон и подтвердить его. Таким образом они могут получить доступ к Вашим банковским счетам и личным данным. Во избежание обмана - важно знать: Сотрудники ЕНПФ не обзванивают граждан! Поэто-

му необходимо быть бдительными и не сообщать никакие коды посторонним, а также не переходить по незнакомым ссылкам. **КАК ЗАЩИТИТЬ СЕБЯ?** •Никогда и никому не сообщайте свои коды и пароли. •Проверяйте информацию через официальные каналы. •Если кто-то беспокоит Вас якобы от имени ЕНПФ, просто повесьте трубку и свяжитесь с Фондом напрямую! •Не пользуйтесь услугами посредников, обещающих помощь в получении финансовых и пенсионных услуг, поскольку этим вы доверяете незнакомым людям свои персональные данные, которыми они могут воспользоваться в корыстных целях. Поделитесь этой информацией, чтобы ваши близкие тоже были в курсе и защищены! **Пресс-центр АО «ЕНПФ»**

Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің тарих пенінің мұғалімі Байқұтатова Аңсағанымға аяулы жеңгесі **Фаризаның** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтастып, көңіл айтады.

БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАЛАР ТІРКЕУ МЕН ТАСЫМАЛДАУ ТӘРТІБІ

ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАЛАР – ТАБИҒИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ТАБИҒИ БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАЛАРҒА ҰҚАС ЗАТТАР, СОНДАЙ-АҚ ТАМАҚПЕН БІР МЕЗГІЛДЕ ТҰТЫНУҒА НЕМЕСЕ ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ҚҰРАМЫНА ЕНГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ПРОБИОТИКАЛЫҚ МИКРООРГАНИЗМДЕР.



ББҚ мемлекеттік тіркеуге жататын мамандандырылған тамақ өнімдеріне жатады. Кеден одағының "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (ТР ТС 021/2011) 24-бабының 2-тармағына сәйкес аталған тамақ өнімін нағыз техникалық регламентте белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелгеннен кейін өндіруге (дайындауға), сақтауға, тасымалдауға және өткізуге рұқсат етіледі. Мамандандырылған тамақ өнімдерін мемлекеттік тіркеу оны кеден одағының кедендік аумағында өндіруге (дайындауға) дайындау кезеңінде, ал Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін мамандандырылған тамақ өнімдерін – оны кеден одағының кедендік аумағына әкелгенге дейін жүргізіледі.

Өнімнің мемлекеттік тіркеуіне халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен ЕАЭО шешімдерімен айқындалатын өнім жатады. Осылайша, өнімге мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің болуы оның қауіпсіздігі мен сапасын растайды. Осыған байланысты сауда субъектілеріне (объектілеріне) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік міндетті түрде болған кезде тағамға биологиялық белсенді қоспаларды өткізуді жүзеге асыра алады. Сонымен қатар, әрбір тұтынушы тағамға биологиялық белсенді қоспаларды сатып алу кезінде сатушыдан оның қауіпсіздігін растайтын құжатты талап етуге құқылы.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы


ТУБЕРКУЛЕЗ – АДАМҒА БАҒЫНҒАН АУРУ!

ТУБЕРКУЛЕЗ – ОЛ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУ. ИНФЕКЦИЯ КӨЗІ НАУҚАС АДАМ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР, ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНА ШАЛДЫҚАН МАЛҒА КҮТІМ КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕ ДЕ АДАМҒА ЖҰҒЫ МҮМКІН.

Көбінесе инфекция ауру адаммен жанасу болған кезде онымен сөйлескенде, жетелгенде, түшкіргенде бөлінетін туберкулез бактерияларының ауа ташылары арқылы сау адамға жұғу арқылы тарайды. Туберкулез ауруының белгілері: салмақ тастау, тершендік, кеуде қуысындағы ауырсыну, жөтел, қан түкіру, жалпы әлсіздік, тез шаршау, ұзақ уақыт бойы дене қызуының көтерілуі сияқты шағымдардан басталады. **Туберкулездің алдын алу шаралары:** Туберкулездің алдын алу, туберкулезге қарсы иммунитеттің дамуын қалыптастыру үшін Ұлттық екпелер күнтізбесіне сәйкес, медициналық қарсы көрсетілмдері болмаған кезде, туғаннан кейінгі алғашқы 2-4 тәулікте перинаталдық орталықтың (босандыру бөлімшесінің) егу кабинетінде туберкулезге қарсы вакцинацияланады. Халық арасында туберкулезді ерте анықтау үшін медицина қызметкерінің жолдамасымен 15 жастан жоғары тұрғындар жыл сайын флюорографиялық қарап-тексерулерден өтулері тиіс. Балалар арасында туберкулезді ерте анықтау үшін туберкулиндік Манту сынағасы қолданылады.

Сонымен қатар, індеттің алдын-алуға уақытылы тамақтану (ет, сүт өнімдері, балық, дән тағамдары, көкөністер мен жидектерді асқа жеткілікті мөлшерде пайдалану), салауатты өмір салтын ұстану, дене шынықтыру белсенділігін арттыру, уақытында тынығу, темекі, ішімдік, жеке бас гигиенасын сақтау өте маңызды болып табылады. Ең маңыздысы өз денсаулығыңызға ұқыпты болып жоғарыда көрсетілген аурудың белгілері анықталған жағдайда ауруды асқындырмай дер кезінде медициналық көмекке жүгіну қажет. Туберкулез диагнозы нақтыланған жағдайда дәрігердің ұсыныстарын сақтау, медициналық қызметкердің бақылауымен үзіліссіз ем қабылдау дертті толықтай емдеуге көмектеседі. Туберкулез ауруын уақытында анықтап емделмеген жағдайда ауруы асқынып, өлімге әкеледі және емделмеген науқас айналасындағыларға да қауіпті екенін естен шығармауымыз қажет.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.



Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1207 дана. Тапсырыс 1409 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525
«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АҚТӨБЕ ОБЛАСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ
31 қазан 2024 жыл № 18 Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс он сегізінші сессиясын шақыру туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына және Ойыл ауданы әкімінің 2024 жылғы 29 қазандағы №02-1/768 ұсынысына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс он сегізінші сессиясы 2024 жылдың 7 қараша күні сағат 11.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

1. Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы №92 «2024-2026 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы
2. Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы №93 «2024 жылға арналған Ойыл ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұрға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау көрсету туралы шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Хабарламашы: Б.Әділханов - аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы

3. Басқа да мәселелер

Аудандық мәслихаттың төрағасы: С.Ф.Займолдин

ДИАС АМАНГЕЛДІ - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕКІ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ



Күзгі каникул кезінде Павлодар қаласында 2012-2013 жылғы жасөспірімдер арасында волейболдан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Еліміздің былтырғы жылғы чемпионы ретінде қатысқан Ақтөбе облысының құрамасы бұл жарыстың басты «фавориті» еді. Ақтөбелік жас волейболшы-

лар өздеріне артылған үмітті биыл тағы ақтады. Ақтық сында алаң иелері Павлодар облысының құрамасын жеңіп кетті. Ақтөбе облысының құрамасы сапында жерлесіміз Диас Амангелді биыл да белсенділік танытып, өзінің кәсіби шеберлігі мен ерік-жігерін көрсетті. «Өке көрген оқ жонар» демекші, жасынан допты «жастау» ескен бала бірден ойылдықтардың «сүйікті» спортын серік етті. Сөйтіп, үйден-ақ өкениң тәлімін терген ұлдың волейболға икемділігі қалыптасты. Көп кешікпей ауданда көзге түскен баланың жетістіктері облысқа да жетті. Бүгінде өкениң еңбегі ақтала бастады. Екі дүркін Қазақстан чемпионы болған облыс құрамасының жеңісінде Диастың да, Нұрлыжанның да сүбелі үлесі бар.

ТҮЙЕЛЕРДІҢ ҚАУІПТІ ОБА ИНФЕКЦИЯСЫМЕН АУРУЫ

ОБА АУРУЫ – ЕҢ ЖҰҚПАЛЫ ЖӘНЕ АСА ҚАУІПТІ АУРУДЫҢ БІРІ. ӨТКЕН ҒАСЫРЛАРДА ОБА ЖЕР ШАРЫН ТҮГЕЛ АРАЛАП, ХАЛЫҚТЫ АДАМ АЙТҚЫСЫЗ ШЫҒЫНҒА ҰШЫРАТҚАН. АЗ ҒАНА УАҚЫТ ІШІНДЕ ХАЛЫҚТЫ ЖАППАЙ АУЫРТЫП, ӨЛІМГЕ ҰШЫРАТАДЫ. ОБА ҚОЗДЫРҒЫШЫ ҮНЕМІ ТАБИҒАТТА САҚТАЛАТЫН ЖҰҚПАЛЫ АУРУ.

Түйе ауруға оба ауруының қоздырғышымен залалданған кенелер мен бүргелер шаққанда шалдығады. Сонымен қатар індет тыныс жолы, азық және жанасу арқылы да жұғады. Түйенің бұл ауруға бәрі де ұшырауы мүмкін. Бүргелерде оба ауруының қоздырғышы бір жыл бойы өсіп-жетіліп, сақталады. Осы аурумен залалданған бүргелер арқылы ауруға шалдыққан кеміргіштер жайылым шөбін лаптап, ақырында түйелерді ауыртады. Аурудың алғашқы кезеңінде түйе өкпесі сарысуға толады, қанталап қабанады. Індет өршісе, түйе өледі. Түйенің бүрге шаққан жері 2-3 күннен соң ісінеді. Мал ауырсынады. Ауруға шалдыққан түйе денесінің қызуы 41,5°С-қа дейін жоғары көтеріледі, сөл бездері екі есе үлкейеді және күйіс қайырмайды. Түйе обамен ауырғаннан бастап өте қауіпті, жұқпалы. Сілекей, нәжістері, жарылған бездің іріңі, шіріген өлі ет, бәрі де оба ауруының микробы болуы мүмкін, сондықтан ауру түйе тұрған қора, алдындағы шөп, жем құрал-сайман, жабдықтар (күрек, айыр, сыпыртқы, тырнауыш, түйенің су ішетін ыдысы бәрі де) оба микробымен зақымдалған деп саналады. Бұл қасындағы басқа түйелерге, күтуші адамға ерекше қауіпті. Ветеринарлық бақылаудан өтпей сойылған әсіресе ауру түйенің еті айрықша қауіпті болмақ. Өйткені түйені сойғандар да, оның етін жегендер де дертке шалдығуы ықтимал. Күннің ыстығында ұзаққа сақтай алмайтындықтан ағайын - туыстар түйенің етін тартып алып кетеді. Ал бұл өзі білмеген «у» ішеді

дегендей, обаның адамдар арасына, тіпті алыс жерлерге де жайылуына себепкер болуы ғажап емес. Мұндай жағдайда «сақтықта қорлық жоқ» деген мәтелді әр уақытта естен шығармауымыз керек. Ауру шыққан пунктке шектеу қойылып, барлық түйелер тірі вақцинамен егіледі. Обамен ауырған және сол аурудан күдігі бар мал дереу оқшауланып немесе сойылып тасталады. Өлген малдың өлекесін терісін сыпырмай ертеп жіберу керек. Қора-жай мен аулалар тазартылып, 5%-дық лизолдың және 20%-тік хлорлы өктің ертіндісімен залалсыздандырылады. **ОБАМЕН АУЫРҒАН ТҮЙЕДЕН АУРУ ТАРАМАУ ҮШІН АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ:** Ауру түйені сау түйелерден бөлек ұстау керек; Ауру түйені тез арада мал дәрігеріне көрсету керек; Ауру түйені дәрігердің рұқсатынсыз сатпау қажет; Түйе ауырған жердің малдарын аурушандықты анықтағанша басқа жерге шығаруға болмайды; Түйенің обамен ауырғаны, одан өлгені анықталса, бірге болған түйелерді обаға қарсы вакцинамен өктіру керек; Сол маңдағы барлық түйелердің есебі алынып, бәрі де дәрігердің бақылауында болу керек; Оба аурушандығынан өлген түйенің етін, жүнін, терісін бірге өртеп жіберу керек. Оба ауруының тарайтын жүйелерін білу, сонымен қатар одан сақтану білу-әрбір көзі ашық азаматтың үлкен міндеті. «Сақтансаң, сақтармын» деген қағидадан естен шығармайық, ағайын!

А. АТЫРАУБАЕВ,
Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің зоологы.

«ДАРА ТҮЛҒАЛЫ ДӘРІГЕР»



Белгілі қоғам қайраткері, дәрігер-эпидемиолог, профессор Ишанбай Қарақұловтың 115 жылдығына арналған «Дара түлғалы дәрігер» атты тарихи шарасы мен көрмесін Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық әнер және өлке тарихы музейі Ойыл аудандық ауруханасының мәжіліс залында ұйымдастырылды. Шара барысында музей директоры Балқия Рысбаева Ишанбай Қарақұловтың кіндік қаны тамған Ащыбойл өзені бойындағы ата қонысы болған жерлерін, «Атан қонындағы бала» атануы мен қиын тағ-

дырын, өскен ортасы мен алдына қойған мақсатын және медицина саласында жеткен жетістіктерін баяндап берді. Ал еңбектері слайд арқылы көрсетіліп, тақырыптық көрмесі қонақтарға таныстырылды. Тарихи бағытта ұйымдастырылған шараға ғалымның көзін көріп, дәмдес-сырлас болған Астана қаласынан келген жерлесіміз Сырым Бақтыгерейұлы мен еңбек ардагері Тыныштыбай Шалабаевтар қатынасып, естеліктерімен бөлісті.

Д. ИСАБАЕВ,
Ғылыми қызметкер.

ЕСКЕРТҮДІ ЕЛЕМЕГЕН АҚЫРЫ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРЫЛДЫ



Ойыл аудандық сотында аудандық пробация қызметі бөлімінің есебіндегі сотталған 1 азаматқа бас бостандығын шектеу жазасының өтелмеген бөлігін бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы ұсынысы қаралды. Іс құжаттарына сәйкес бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын, міндеттерін біле тұра, жазаны өтеу тәртібін бұзған. Атап айтқанда, бірнеше рет өкімшілік жазға тартылуына байланысты, «бас бостандығын шектеудің бас бостандығынан айырумен ауыстырылуы мүмкін екендігі туралы «ескерту» жарияланған. Алайда есептегі 1 сотталған азамат соттың жеңіл түрде тағайындалған жазасын тиісті түрде өткермеуіне байланысты пробация қызметінің профилактикалық түсіндерме жұмыстарына, ескертулеріне құлақ аспады. Бұл мән-жайлар сотталғандардың түсініктерімен және жинақталған іс құжаттарымен дәлелденген. Қазақстан Республикасының

Қылмыстық Кодексінің 44-бабының 3-бөлігінде сай, бас бостандығын шектеуді өтеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда, оның өтелмеген мерзімі бас бостандығын шектеудің бір күні үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады. Осыған орай, 29.10.2024 жыл Ойыл аудандық сот қарулысымен пробация қызметі бөлімі есебіндегі 1 сотталған азаматқа қатысты бас бостандығын шектеу жазасының өтелмеген бөлігі мерзімін бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы ұсынысы қанағаттандырылды. Сотталғандардың адамдардың түзелу жолына оң ықпал етуші үшін есептегі сотталғандар әлеуметтік жан-жақты көмек, жұмыспен қамту, жақын туыстарымен адамдарымен профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

А.САЛИҚ,
Ойыл аудандық пробация қызметінің аға инспекторы өділет капитаны.

ЖАҚЫНЫҒА ЖАНАШЫР БОЛ!

Елімізде әлі күнге дейін көптеген зорлық-зомбылық жағдайлары сотқа жетпей, отбасы деңгейінде жабылады. Тұрмыстық құқық бұзушылықтарға талдау жүргізу кезінде отбасылық жанжалдар негізінен отбасының материалдық деңгейінің төмендігінен, жұмысыздықтан, ойын құмарлығынан, маскүнемдіктен, адамгершілік құндылықтардың төмендеуінен және отбасы институтын жоғалтудан туындайтыны анықталды. Жалпы Ойыл ауданы ПБ-не жыл басынан бері 9 ай қорытындысы бойынша отбасылық тұрмыстық қатынастар аясында 43 қоңырау келіп түскен. Сонымен қатар, бір жыл ішінде отбасылық тұрмыстық қатынастар аясында қайта түскен қоңыраулар саны 5. Оның ішінде ҚР ҚК-нің 108-1 бабы бойынша-3 дерек, 109-1 бабы бойынша-3 дерек тіркелген. Аталған қылмыстық істердің барлығы сотқа жолданған. Қалған 38 хабарлама бойынша ҚР ӨҚБ-тің 73 бабының 1,2 бөліктері бойынша агрессорлар жауапкершілікке тартылған. Отбасындағы зорлық-зомбылық бойынша анықталған құқық бұзушылықтар аудандық сотпен ер түрлі шешім қабылданып оларға, 38 қорғау нұсқамасы беріліп, (оның ішінде әйелдерге жоқ) кейбіреулеріне аудандық сотпен 5 тұлғаға ерекше талаптар қойылды. Отбасындағы жанжал жөнінде келіп түскен әр хабарлама қатаң назарға алынып, құқық бұзушы агрессорларға қатысты қорғау нұсқамасы алынып, уәкелеті полиция инспекторлары мен әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы тарапынан бақылауында. Әр отбасылық тұрмыстық қатынастар аясында орын алған деректерге сәйкес, жәбірленуші тараптан «Одара» сауалнамасы алынып, сараулау жұмыстары жүргізілуде. Егер сіз тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырасаңыз, не болмаса туысыңыздың, құрбыңыздың, көршінің зорлық-зомбылыққа ұшырағанына куә болсаңыз, бұл туралы тәулік тәулік бойы «102» ыстық желісіне, Ойыл ауданы ПБ кезекші бөліміне 8(71332)2-18-98 нөміріне хабарласуыңыз қажет. Сонымен қатар, Ойыл ауданы ПБ ЖПҚБ-нің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторына 87773231094 телефон нөміріне хабарласуыңызды сұраймыз. Ойыл ауданы полиция бөлімінде №8 кабинетте күнделікті қабылдау жүреді.

ҚОҒАМДЫҚ ПАСПОРТТЫҢ ҚҰҚЫМДЫҚ ТӨЛҚҰЖАТЫНЫҢ КҮШІ ҚАНДАЙ?

ТӨЛҚҰЖАТ – ЕНШІ БӨЛЕК ЕГЕМЕН МЕМЛЕКЕТ ЕКЕНІМІЗДІ СЫРТҚЫ СИПАТТАН ТАНЫТАТЫН ЖОЛДЫҢ БІРІ, САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДЕРБЕС ҚАДАМ ЖАСАУДА ДА САЛМАҒЫ ЗОР. СОНДЫҚТАН КӨК ПАСПОРТТЫҢ КҮШІН БАҒАМДАУ ӨРІ ӨЛЕМ ЕЛДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ БЕДЕЛІН БАЙЫЛТУ АСА МАҢЫЗДЫ БОЛМАҚ. ОСЫ ОРАЙДА KAZINFOFOR ТІЛШІСІ ҚАЗАҚСТАН ТӨЛҚҰЖАТЫНЫҢ ҚАУҚАРЫН САРАЛАП, ҚАЙ ЕЛМЕН ҚАТЫНАСТА КӨДЕГЕ ЖАРАЙТЫНЫН ЗЕРТТЕП КӨРДІ.

HENLEY & PARTNERS РЕЙТИНГІ: ҚАЗАҚСТАН 64-ОРЫНДА

Паспорт күшін бағамдауға мүмкіндік беретін бірнеше тетік бар. Ол: виза саясаты; дипломатиялық қатынас; саяси ахуал; туризм әлеуеті. Жыл сайын халықаралық ұйымдар аталған критерий шеңберінде мемлекеттер төлқұжатының рейтингін түзіп, үздікті анықтайды. Бұл мемлекеттің экономикалық ахуалынан хабар беретін ақпарат ғана емес, әлемдік арендадағы салмағын көрсететін күшке айналған. Қай елдің көрсеткіші жоғары болса, инвестицияға тартымды, турист еселенеді, имиджі үшін қолайлы. Мысалы, биыл Қазақстан төлқұжаты миграция саласындағы белгілі ұйым – Henley & Partners рейтингінде 64-орынға көтерілді – өткен жылғы көрсеткіштен алты сатыға жоғары. Сарапшылар ондаған жыл жағымды тенденция байқалмаған салада оң серпін байқалуын бірнеше себепке сілтейді. Оның ішінде виза саясаты, әлем елдеріндегі әскери қақтығыстар мен инфрақұрылымдағы ілгерілеу бар. Жалпы Henley & Partners рейтингіндегі Орталық Азия елдері арасында ең жоғары нәтижеге жеткен Қазақстан ғана. Өзге көрсеткішіміздің көрсеткіші біршама қалыс. Қырғызстан – 76, Өзбекстан – 78, Тәжікстан – 82, Түрікменстан 89-орынға жайғасқан. Шекаралас елдер ішінде санкция қыспағалда қалса да Ресей төлқұжатының күші тың. Соңғы бес жылда ол елдің төлқұжаты «күшеймесе», «әлсіреген» жоқ – биыл 45-орында. Ресейліктер визасыз 116 мемлекетке бара алады. 2022 жылы басталған әскери қақтығыстан соң небары 3 мемлекет ғана Ресеймен визасыз режим келісімінен бас тартқанды.

81 МЕМЛЕКЕТКЕ ВИЗАСЫЗ БАРУҒА БОЛАДЫ

Сарапшылардың пікірінше, мемлекетаралық визасыз режим ту-

ристік бағыттан бөлек, экономикалық әлеуетті де көтеруге көмек береді. Экономист-қаржыгер Расул Рысмамбетовтің айтуынша, инвестициялық ұстанымда елдің көші-қон саясаты шешуші рөл атқарады. – Визасыз режимнің экономикаға қосатын үлесі мол. Алдымен экономикалық кедергі жойылады. Орта кәсіпкер өзге мемлекеттегі нарықты бақылауы керек, инвестор елге келуі қажет. Міне, осы тұста еларалық визасыз режим уақыт үнемдеуге, нақты секторға қаржы тартуға пайдасын тигізеді. Дәстүрлі визалық процедура үшін апталап уақыт жоғалтпай, бірнеше күнде іскерлік келісім жасауға болады, – деді сарапшы. ҚР азаматтары үшін ер түрлі талап қоятыны жасырын емес. Әсіресе, визасыз журу уақытына қатысты ұстаным әрқилы. Мысалы, Грузия қазақстандықтарға визасыз 1 жылға дейін жүруге рұқсат берсе, Армения Түркия, Грузия елдерінде – 6 ай, Молдова, Украина, Гаити, Моңғолия мемлекеттерінде 90 күн жүруге болады. Гонконг, Иран мен Оманда визасыз екі аптадан артық болуға рұқсат жоқ, Өзбекстанда 5 күннен артық жүруге мүмкіндік қарастырылмаған. Әрине, отандық жиһанкездердің пікірінше, Қазақстан үшін Еуропамен арада визасыз режим орнату өзекті. Себебі ел төлқұжатымен Еуропаға кіру уақыт алады, әуірсе көп. Қазақстан тарапы бірнеше жылдан бері бұл бағытта келісім жасағанымен, әлі нәтиже көрінбей келеді. Тек биыл Еуропа одағы елдеріне қазақстандықтарды кіргізу жолы жеңілдейтіні белгілі болды. Яғни визаға сұралатын құжат тізімі, консул алымы, өтінімді қарастыру уақыты өзгермек. Аталған қадамның қашан жүзеге асатыны белгісіз, өйткені құжаттағы ер өзгеріске Одаққа мүше 27 ел түгел келісуі шарт. Бұл оңай іс емес.

Арнайы визасыз жүруге болатын еуропалық елдер де жоқ емес. Қазір Шығыс Еуропаның үш еліне визасыз кіруге мүмкіндік бар. Олар Еуроодаққа да, Шенген аймағына да кірмейді: Албания, Сербия және Черногория. Аталған мемлекеттерде 30 күн визасыз жүруге рұқсат. Кейінгі жылдары Қазақстанмен визасыз режим туралы келісім жасаған елдердің құрылымын қарасақ, көбі шалғайдағы шағын мемлекеттер. Әрине, Қытай мен Ресей секілді державаларлармен жасалған уағдасын салмағы бар, дегенмен Марокко, Сент-Китс, Вьетнам секілді елдермен туризмнен басқа салмақты себеп байланыстырмайды. Сондықтан сала мамандарының көбі ауқымды нарыққа жол ашатын алпауыт мемлекеттермен визасыз режимге қол жеткізу қажет деп санайды. Экономист Қуаныш Жайықовтың сөзінше, мұндай қадам нәтиже беруі үшін қос тарап та мүдделі болу керек. – Сауда көлемін арттыру, табыс деңгейін ұлғайту, еңбек нарығын реттеу үшін қуатты елдермен визасыз режимге көшкен дұрыс-ақ. Алайда алпауыт елдердің дамуы мемлекеттермен мұндай келісімге келуі қиын. Себебі олар заңсыз мигранттар санын арттыруға қорқады, өкініш тараптың функционалды ережелерді сақтауы мүмкін деп сенгенді. Виза режимінде елге келетін ер азаматты тексеріп, қажетті құжаттарды сұрауға болады, ал визасыз режимде мұндай ресми тексеріс жоқ, – деді ол.

10 млн қазақстандық шетелге шыққан

Қазақстан төлқұжатын сапарға шығу үшін алатыны белгілі. Кейінгі жылы төлқұжатты пайдаланушылар қатары артаңға ұқсайды. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, өткен жылы өзге мемлекеттерге сапарлаған қазақстандықтар саны

10,5 млн-ға жеткен (32% өсім). Соңғы 5 жылда болмаған деңгей. Шетелге сапарлайтын азаматтардың артуы 2022 жылы байқала бастады. Ол тұста Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, БАӘ, Қытай, Мысыр секілді елдерге барушы көбейді. Өткен жылы шетелге сапарлағандардың 44,7%-ы – Ресейге, 19%-ы – Өзбекстанға, 14%-ы Қытайға барған. Айта кетерлігі, өткен жылы Қазақстан мен ҚХР визасыз режим орнатып, биыл Қытайда Қазақстан туризмі жылы деп жариялануы қос ел арасындағы барыс-келісті ұғайтқан. СІМ мәліметінше, осы аралықта Қытайға 173 мыңға жуық қазақстандық сапарласа, қонаққа 126 мың адам келген. Кейінгі жылдары қазақстандықтар арасында Түркияға сапарлау үрдіске айналғанды. Әлеуметтік желіден Анадолы жеріне барған отандастарды көп көреміз. Статистика да ақпаратты нақтылап тұр. Түркияның мәдениет және туризм министрлігінің мәліметінше, биыл маусым-тамыз аралығында 440 мың ел азаматы келгенін мәлімдеді. Сарапшылар мұндай тенденцияны туристік операторлар санының артуымен байланыстыруда. Жарнама арқылы сұраныс туып, сұраныс арқылы сапар саны ұлғайған екен. Мәселен, 2 жыл бұрын туроператор саны 380 болса, биыл 590-ға жетті. Бірінші кредиттік бюросының мәліметінше, биыл бірінші жартыжылдықта қазақстандық туроператорлар 285,7 млрд теңге табыс тауыпты. Бұл өткен жылдағы көрсеткіштен 40%-ға артық. Жылдан-жылға төлқұжаттың әлеуеті арта түсті. Визасыз жүйені дамытып, рейтингте жоғарылау арқылы экономикалық мүмкіндік пен саяси ұпайға қол жеткенін байқауымыз. Еларалық келісімнің көсіккерлік пен миграцияға оң әсер етуі ендігі межеге айналғанды.

Ерсін Шамшадин
«Қазақпарат»